

«Балдәурен» бөбөкжай балыбакшасынын
менгерушісі *Жаңабекова*

«01» 02 2022ж



**«Мамандыктын бәрі жаксы» тақырыбындагы апталык
іс-шара жоспары**

К/с	Тақырыбы	Максаты	Мерзімі	Жауапты
1	Сюжеттік ролді ойын: «Дәрігер»	Баланың бір-біріне деген жағымды қарым-қатынас жасау, ой-қиялын әрі дамыту.	14.02.2022	Б.Ганиева
2	Танымдық ұйымдастырылған оқу қызметі: «Мамандықтың бәрі жаксы»	Балаларға мамандықтар туралы түсінік беру. Әр мамандықтың қызығы мен қиындығы болатынын түсіндіру.	15.02.2022	Б.Ганиева
3	Танымдық ойын: ««Жол ережесін білейік, аман - есен жүрейік»»	Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру, ойын арқылы ойлау қабілетін дамыту.	16.02.2022	Б.Ганиева
4	Дидактикалық ойын: «Кімнің құралы»	Балалардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру.	17.02.2022	Б.Ганиева
5	Қорытынды			

Дайындаған: тәрбиеші Б.Ганиева

Бекітемін

«Балдәурен» бөбекжай – балабақша

менгерушісі  Г.Жанибекова

«01» «02» 2022 жыл

«Қарлығыш» ортаңғы тобы

Танымдық сюжетті рөлді ойын:

«Дәрігер»



Тәрбиеші: Б.Ганиева

2021-2022 оқу жылы

Танымдық сюжеттік — рөлдік ойын: «Дәрігер»

Мақсаты: Балалардың білім деңгейін, ойындарды ойната отырып, әрі қарай жан — жақты дамыту, тіл байлығын жетілдіру, сөздік қорын молайту.

Үлкендер еңбегін құрметтеуге, сыйлауға, адамгершілікке тәрбиелеу.

Балаларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, адалдыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу.

Керекті заттар: Дәрі — дәрмектер, кітапшалар, атрибуттар, халаттар, бас киімдер, құрал – жабдықтар.

Әдіс — тәсілдер: Ойын ойнау арқылы әңгімелесу, сұрақ – жауап.

Ойын барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

Тәрбиеші: Бүгін балалар біз сюжетті рөлді ойын «Дәрігер» ойынын ойнаймыз. Дәрігер бізде Ақназым, мейірбике Шұғыла, дәріханашы Бірғаным, анықтама бөлімі С.Айша және балалары С.Алихан, М.Айша.

Анасы екі баласын алып ауруханаға келеді.

Анықтама бөлімі: Саламатсыздарма сіздерге қандай көмек керек?

Анасы: саламатсызба менің балаларым ауырып қалған еді. Дәрігерге көрінуге келдік.

Анықтама бөлімі: ия дәрігер бар. Аты-жөндерін айтып жіберіңіз.

Кітапшаларын берейін. Мына кабинетке барыңыздар.

Анасы: рахмет.

Анасы:

• Кіруге рұқсат па?

Дәрігер:

• Кіріңіз, отырыңыз. сәлеметсіз бе, кітапшанызды беріңіз, қай жеріңіз ауырады?

• Анасы: Қызымның қызуы көтеріліп тұр, тамағы ауырады, тамақты аз ішеді, басы ауырады.

Дәрігер: Қазір тындап көрейін, қатты дем ал, тамағыңды көрсет.

— Мен сізге дәрі жазып берейін, ертең қан тапсырасыз, қазір сіздерге дәрі жазып берейін, екі күннен соң маған қайтадан келесіздер.

— тез сауығып кетіңіздер, сау болыңыздар!

Екеуі дәріханаға келеді. Дәріханашымен амандасып, дәрігер жазып берген қағазды береді.

Шешесі:

- Бізге мына дәрілерді беріңізші.

Дәріханашы:

- Мына шөппен тамағын шаясыз. Мына дәріні күніне екі рет ішесіздер.
- Сізге рахмет, сау болыңыз! – деп шығып кетеді.

Қызымен шешесі үйіне оралады. Әкесі мен ұлы жұмыстан келеді. Шешесі бәріне тамақ дайындап, үстел басына шақырады. Қызы шешесіне көмек көрсетіп, үстелге ыдыстарды қояды. Дәрігердің берген дәрісін ішкізеді. Балалардың ойыны әрі қарай жалғаса береді.

Бекітемін
«Балдәурен» бөбекжай – балабақша
менгерушісі Аманжол Г.Жанбекова
«01» «02» 2022 жыл

«Қарлығыш» ортаңғы тобы
Танымдық ұйымдастырылған оқу қызметі:
«Мамандықтың бәрі жақсы»



Тәрбиеші: Б.Ганиева

2021-2022 оқу жылы

Білім беру саласы: Таным

Тараулары: Қоршаған ортамен таныстыру

Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы!»

Мақсаттары:

1. Білімділік: Балаларға күнделікті кезігетін мамандық иелері туралы мағлұмат беру, мамандықтарға деген қызығушылықтарын арттыру.

Сюжетті - рөлді ойындарды пайдалану арқылы әр мамандықтың қыр - сырын ашу.

«Мен өскенде кім боламын?» деген сұраққа жауап алу арқылы балалардың ой - қиялдарын дамыту.

2. Дамытушылық: Сурет бойынша әңгіме құрастыруға, жұмбақ шешуге, ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту.

3. Тәрбиелік: Балалардың қызығушылықтарын арттыру, үлкендердің еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.

Әдіс - тәсілдері: Әңгімелеу, түсіндіру, жұмбақ жасыру, сергіту сәті, дидактикалық ойын, гажайып сәт.

Сөздік жұмыс: Мамандық - профессия

Көрнекіліктер: тақырыптың суреттері, мамандық иелерінің құралдары мен киімдері, ойынға қажетті суреттер, сиқырлы қорап.

Балалар шеңберге тұрып, «Күн» атты шаттық шеңберін жасап, бір - біріне жылы лебіздерін білдіреді.

- Балалар, сендер аяздан қорқасындар ма?

- Далаға шыққанда тоңасындар ма?

Егер тоңатын болсаңдар, қане қолымызды жылытайықшы (үрлеу әдісі)

- Қане, жылындық па?

Жылынып, болсак, бір сәт өзімізді сыртта, таза ауада тұрғандай елестетейік.

- Балалар айналаның бәрі қандай?

- Қардың түсі қандай?

- Ауа - райы қандай?

- Мұның бәрі қай мезгілде болады?

Балалар, бүгінгі ашық оқу іс - әрекетіміздің тақырыбы «Мамандықтың бәрі жақсы» деп аталады.

Біз бүгін мамандық иелері туралы өтеміз.

Барлық мамандар өмірде өте қажет екен. Балалар сендер балабақшада күнде қандай мамандық иелерімен кездесесіңдер?

- Балалар біреу есік қағатын сияқты?

(Почташы келеді де, хат пен чемодан әкеледі)

Почташы беріп кеткен хат бойынша жұмбақ жасырайын:

Мектептің жүрегі,

Білімнің тірегі.

(Мұғалім)

- Өте жақсы, олай болса бүгін бізде Ақбота мұғалім болады.

Жақсы оқып сабақты

Білім алып толамын

Бөбектерді оқытар

Мен мұғалім боламын!

(Ақбота мұғалім болып, балалармен әңгімелеседі)

- Рахмет. Сиқырлы қалам не дейді екен? Енді келесі жұмбақты жасырайын:

Сауықтырар сырқатты,

Жылы үнмен тіл қатты. (Дәрігер)

- Өте жақсы, Балнұр бізде дәрігер болады.

Кішкене әлі баламын,

Таудай болар талабым.

Ақ халатты абзал жан,

Мен дәрігер боламын.

- Балалар қанеки 1 - 2 бала шығып, дәрігеріміз Балнұрдан ем қабылдайық.

- Рахмет. Сиқырлы қалам қандай мақал айтады екен?

Тағы жұмбақ:

Тікті әсем киімді,

Дүкенге әкеп ілінді.

(Тігінші)

Тігінші қызымыз Айшаны шақырайық:

Өрнектетіп, сәндетіп

Тігістерін бүгетін

Тігінші болам мен ертең.

Киім - кешек тігетін!

- Балалар мен Айшаға өзімнің бет орамалымды тіктіргім келіп тұр. (Айша тігін машинасымен іс тігіп балаларға көрсетеді)

- Біздің балаларымыз қандай өнерлі. Келесі жұмбақ:

Тыныштығын Отанның,

Күзететін адам кім?

(Солдат)

Біздің арамызда ел қорғаны болам деп Алихан отыр екен. Олай болса

Алиханды шақырайық:

Бір, екі, үш

Бойға жинап күш

Шынығамын таңертен

Ағалардай Отанға

Солдат болам мен ертең!

- Қанеки 2 - 3 ұл ортаға шығып Алиханның бұйрығын орындап, болашақта сарбаз болатынымызды дәлелдейік. Сиқырлы қаламның мақалы.

- Ал балалар соңғы жұмбақ:

Қалпағы ақ қарасан,

Дәрігер емес, бірақ ол.

Дәм мәзірін қаласан,

Алға ұсынып тұрады ол. (Аспаз)

- Біздің бүгінгі аспазымыз Аяулым:

Дәмді тамақ пісіріп

Өнерлі бала боламын

Халқым сүйген ардақты

Мен аспазшы боламын.

- Қанеки тағы 2 бала шығып біздің аспазымыздың қолынан дәм татайық.

- Рахмет. Балалар мың бұралған биші де бір мамандық иесі екен. Олай болса біз де бойымызды сергітіп биші болып, би билейік.

Сергіту сәті: «Веселые утята» биі.

Дидактикалық ойын: «Мамандық иелерінің құралдары».

Шарты: Әр мамандық иесіне тән құралды тауып, орналастыру.

- Балалар бағанадан бері сендер көптеген мамандық иелерінің еңбегімен таныстыңдар. Енді өздерің де өскенде кім болғыларың келетінін айтатын кез келді. Сендердің кім болғыларың келетіндігін мен мына сиқырлы қаламмен жазып алам да, «Арман гүліне» іліп қоямыз.

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Әсемпаз болма әрнеге

Өнерпаз болсан, арқалан,

Сенде бір - кірпіш дүниеге

Кетігін тап та бар қалан!

Балалар осындай мамандық иесі болу үшін білімді, тәрбиелі болып ер жетуіміз керек.

Қортынды:

Балалар бүгін біз не туралы өттік?

Қандай мамандық иелерімен таныстық?

Балаларды мақтап - мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Қыс мезгілі мен ауа - райы белгілерін ажырата білуі керек.

Болу керек: Әр түрлі мамандық иелері туралы мағлұматы болуы керек.

Істей білу керек: «Мен өскенде кім боламын?» деген сұраққа жауап бере білуі керек.

Бекітемін
«Балдәурен» бөбекжай – балабақша
менгерушісі *Г.Жанбекова*
«01» «02» 2022 жыл

«Қарлығыш» ортаңғы тобы

Танымдық ойын: «Жол ережесін білейік, аман - есен жүрейік»



Тәрбиеші: Б.Ганнева

2021-2022 оқу жылы

Тақырыбы: «Жол ережесін білейік, аман - есен жүрейік».

Мақсаты: Жаяу жүргіншілердің, жолаушылардың және жүргізушілердің жол ережесін нақты білу керектігі туралы балалардың білімдерін бекіту.

Көшедегі тәртіп ережесін қатан сақтауға, жолда зейінді болу дағдыларын бойларына сіңіру. Қоршаған ортаға мән бере қарауға, байқағыштыққа, тәртіптілікке баулу.

Алдын ала жұмыс: «жол қозғалыс ережелерін» үйренеміз атты көркем әдебиет оқу.

Әдіс - тәсілдер: түсіндіру, көрсету, сұрақ – жауап, ойын.

Қолданылатын көрнекі құралдар мен жабдықтар:

Демонстрациялық материалдар, бағдаршам, жолақ жол, автобус макеті, көлік түрлері, жердің, судың, ауаның суреттері, жол белгілері, интерактивті тақта.

Сөздік жұмыс: жаяу жол.

Билингвильды компонент: Жаяу жүргінші - пешеход, жаяу жол - тротура, бағдаршам - светофор, жол белгілері - дорожные знаки.

Мотивациялық қозғаушы.

- Сәлеметсіздер ме, қонақтар!

- Здравствуйте!

- Good morning!

Шаттық шеңбері.

Жалғайтын достастырып бар елменен,

Жолдардан тұрады ғой әлем деген.

Бүгінгі бізге келген қонақтарға,

Ойынымымызды бастаймыз сәлемменен.

- Балалар бүгінгі ойын барысында мен сіздерді саяхат жасауға шақырамын.

- Қане бәріміз автобуска отырып, тез жету үшін ән айтайық.

Жүргізуші боламыз,

Шырқап әнге саламыз.

Сактықпенен жәйменен,

Автобусты айдаймыз.

Басқышты біз басамыз,

Асулардан асамыз.

Ережені сақтаймыз,

Аялдамад тоқтаймыз.

Бағдаршамда сактықпен,

Жасыл жанса айдаймыз.

Сары жанса дайындалып,

Қызыл жанса тоқтаймыз.

Қызыл жанса тоқтаймыз.

Балалар міне «Бағдаршамдар еліне» келдік. Бұл барлық адамдармен қатар балалардың жол қозғалыс ережелерін біліп, оны күнделікті қолдану елі. Жол қозғалыс ережесі кімдерге қажет? (Адамдарға керек).

- Неліктен бағдаршамда жол оқиғалары болмайды?

- Олар жол қозғалыс ережелерін сақтайды.

Осы елдің құрметті тұрғыны болу үшін бірнеше қиын тапсырмаларды орындауға тура келеді.

Тапсырмалар:

1. «Көлік түрлерін ажырат»

а) осы көлік түрлерін ажыратып, оны атап, қайда жүретінін айту.

ә) бұл суретте қандай көлік түрлері жетіспейді?

Мына суретте ертегі кейіпкерлері қандай көлік түрлерімен жүрген?

- Жарайсыңдар балалар алғашқы тарсыманы сәтті орындадыңдар. Енді әрі қарай жүру үшін өткінші жолды өту керек. Балалар жолдың қай жерінен өтуге болады?

- Жаяу жүргіншілер өтетін жолдан жүруге болады.

- Мен ешқандай жаяу жүргіншілер жолын көріп тұрған жоқпын, оны өзіміз жасап алайықшы.

- Кім біледі? Жаяу жүргіншілер жолын қалай ажыратуға болады?

- Ақ жолақ.

Балалар ақ жолақтарды алып, ала жол жасайды. Бұл жерде жаяу жүргіншілердің жолы бар екендігін білу үшін белгі орнатамыз.

Бұл жерде көптеген белгілер бар, маған керектісін таңдауға көмектесіңдер!

2 - тапсырма «Керекті белгіні таңда!»

Белгілерді көрсету, балалар оларды атайды, керегін таңдайды.

Енді міне алға батылдықпен жүруге болады.

Келесі тапсырманы орындау үшін жұмбақ шешейік.

Бұйырмапты бас та,

Ауыз да, құлақ та,

Бақырайған үш көзі бар, бірақ - та,

Бұл не екен балалар?

Бағдаршам - светофор - traffic light

Бағдаршамның неше көзі бар?

Бір, екі, үш.

Один, два, три.

One, two, three.

Бағдаршам түстерін атайықшы.

Қызыл - сары - жасыл.

Красный - желтый - зеленый.

Red - yellow - green.

Балалар ендеше бағдаршам туралы ертегі тыңдайық.

Ертеде бір қалада қызыл, сары және жасыл түсті үш көзі бар бағдаршам өмір сүріпті. Бірде осы үш көз қайсымыз ең маңызды екенбіз деп таласқа өзара түседі.

- Мен қызылмен, ең маңыздымын. Мені адамдар көрсе алдымда қауіп төніп тұрғанын біледі.

- Жок, сары ең маңызды менмін. Мен «тоқтандар!» «Асықпандар!» деген ескерту беремін.

- Сендер не деп тұрсыңдар деді жасыл. Жасыл түс ең маңызды. Мен сіздерге қауіпсіздікпен тыныштықты еске саламын. Олардың тартысқа түскені соншалық, сынып жан - жаққа шашылып қалады. Ал бағдаршам оларды шақырып өтінді. Достарым, келіндер маған, сендер мен үшін өте маңыздысыңдар. Егер бәріміз бірге болсақ онда, қала жолдарында тәртіп болады.

Сергіту жаттығуы.

Балалар музыка ырғағымен қимылдар жасайды.

Содан кейін бағдаршамдар көзі ажырамастай дос болыпты.

Балалар орнына отырады.

- Қане балалар, бағдаршамдар елінің тұрғындарына барлық бағдаршамдарды керекті түстерге бояп көмектесейік. (Балалар үстелге отырып, бағдаршамдарды бояды).

Бағдаршам туралы көңілді ән қосылады.

- Енді айтыңдаршы, бағдаршамның әр белгісі нені білдіреді?

Қызыл - тоқта

Сары - күт

Жасыл - жүр

Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын, тыңдаңдар

Ала - таяқ ұстаған,

Жол тәртібін нұсқаған.

Өмірінді күзеткен,

Ысқырығы күшті адам. (ГАИ қызметкері)

- Балалар бүгінгі біздің оқу іс - әрекетімізге «ГАИ қызметкері» қонаққа келді.

Тапсырмасы бар екен. (интерактивті тақтадан суреттер көрсетеді).

Суреттен дұрыс және бұрыс суретті табу. Балалар суретке байланысты тақпақтар айтады:

Ата - ананың сенімін,

Есте ұстап, ақтай біл.

Жолдан өтер жаяудың,

Ережесін сақтай біл!

Қызыл шам жанса жол «жабық»,

Сонда болсын ойың бар.

Сары шам жанса «дайындал»,

Шатылады білмеген.

Жасыл жанса «жүр» деген

Жол шетінде тұратын,

Жол белгіге қараңдар.

Гаи қызметкері: міне балалар сендер барлық тапсырманы жақсы орындадыңдар. Мен сендерді «бағдаршамдар елінің құрметті тұрғындары» арнайы төс белгісімен марапаттаймын.

Гаи қызметкері: Балалар жолда апатқа ұшырамау үшін жаяу жүргінші де, жүргізушілерде жол ережесін сақтау керек. Сақ болыңдар!!!

Балалар автобуска отырып, «жол жүргізушілер жыры» айтып, бақшаға оралайық. Сау болыңдар.

Міне біздің саяхатымыз аяқталды.

Рефлексивтік түзету. Қорытынды сұрақтар қою.

- Балалар біз қайда саяхатқа бардық?

- Сендерге тапсырмалар ұнады ма?

- Жолдан өтерде қайда қарап өтуіміз керек?

- Адамдар қандай жолдан өтуге болады?

Күтілетін нәтиже.

Қайталайды: қызыл - тоқта, сары – күт, жасыл – жүр.

Түсінеді: жол ережесінде белгіленген суреттердің нені білдіретінін: көше тәртібін бұзудың қайғылы жағдайға ұшырататынын.

Қолданады: жолда абай болуды, жан - жакқа зейін қоюды, сақтануды.

Бекітемін
«Балдәурен» бөбекжай – балабақша
менгерушісі  Е.Жанибекова
« 01 » « 02 » 2022 жыл

«Қарлығыш» ортаңғы тобы
Дидактикалық ойын:
«Кімнің құралы»



Тәрбиеші: Б.Ганиева

2021-2022 оқу жылы

Тақырыбы: Кімнің құралы?

Максаты: Дәрігер, тәрбиеші, мұғалім, құрылысшы, аспаз, шаштараз т.б. мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту.

Білімділігі: Мамандықтар туралы түсінік бере отырып, білімге, білуге құлшыныстарын ояту.

Тәрбиелілігі: Бір –бірін тыңдап, құрметтеуге, ұқыптылыққа, ізеттілікке үйрету.

Дамытушылығы: Ой ұшқырлығы мен қиялдарын дамыту.

Көрнекілігі: Мамандықтарға байланысты суреттер, карточкалар т.б.

Әдіс – тәсілдер: Сөздік, ойын, көрнекілік т.б.

Тәрбиешінің іс - әрекеті

Баланың іс - әрекеті

Мотивациялық -қозғаушылық

Шаттық шеңбері

Жарқырап бүгін атты күн,

Шашып бізге шапағын.

Тілейміз Сізге ақ танның

Қуанышын шаттығын.

Такпақты бірге қосылып айтып,қимыл – қозғалыспен орындайды.

-Балалар, біздер бүгін «Кім боламын?» деген тақырыпта әңгіме айтамыз.

Суретпен жұмыс.

Аспаз,құрылысшы, шаштараз, мұғалім, тәрбиеші т.б.

Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?» .

Шарты: Әр маманға керекті заттарды топтастыру.

Енді осы мамандықтарға байланысты кім қандай тақпақтар біледі екен? Қане, айтайықшы.

Сәйкестендіру тесті:

Сергіту сәті.

Жалғыз саусақ тіпті де,

Ұстай алмас жіпті де.

Екі саусақ бірікті, ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды,

Жүгіртеді қаламды.

Өнерлі екен он саусақ

Қала салсақ, жол салсақ,

Жұмбақтар шешу.

1.Қолдағы жұмыс құралы

Қайшы менен тарағы.

2.Тұмсығына жіп салып сүйретеді.

Бар жыртықты бүтіндейді.

3.Айқасқан қос қылыш,

Қолға тисе жоқ тыныш.

4.Қабат – қабат қаттама

Ақылың болса аттама.

Бес жол өлең

1.Мамандық

2.Білімді. Еңбекқор.

3.Оқытады. Тігеді.Тамақ пісіреді т.б.

4.Кәсіп.

5.Мамандықтың бәрі жақсы.

Әр бала өзі білетін мамандық туралы, ата – анасының жұмысы, мамандығы туралы әңгімелейді.

Аспаз дәмді тамақ пісіреді.

Құрылысшы зәулім үйлер салады.

Мұғалім балаларға білім береді, оқытады т.б.

Әр маманға тиісті заттың суреті бар карточканы сәйкес маманның суретіне апарып іледі.

Темірлан:

Мен құрылысшы боламын,

Зәулім үйлер саламын.

Өз қаламды көркейтіп,

Ел алғысын аламын.

Айзере:

Әжеме тіс саламын

Көзіне әйнек тағамын.

Сондықтанда өскенде

Мен дәрігер боламын.

Әлиза: Жаққан білім шырағын

Таққан ғылым тұмарын.

Әліппені үйреткен

Ол кім десең – мұғалім!

Әр маманның құрал – сайманын сәйкестендіріп сызықпен қосады.

Такпақты айтып, қимылмен орындайды.

Балалар ойланады. Шешуін айтады.

Шаштараз.

Ине.

Қайшы.

Кітап.

Әр бала өз ойын айтады.

Қорытушылық

«Менің арманым...».

Көңіл – күй.

Белсенді балаларды мадақтау.

Балалар өздері қалап, армандаған мамандықтары туралы әңгімелейді.

Смайликтер арқылы алған әсерлерімен бөлісу.

Нәтиже: Мамандықтар туралы түсініктері бар.

Мамандық алу үшін білім алу, оқудың қажеттілігін түсінді.

Мамандардың еңбегінің адамдардың өздері үшін және қоғам

үшінде маңызы бар екенін білді.